



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ОӘК: 376.105.4

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК ҚАТЫНАСЫ

Кабибуллина Мәдина Мұратқызы

madina.nis@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 2-курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Дарменова.А.Е

Көрші елдермен мәдени қарым-қатынастың кез келген халықтың қалыпты дамуына қажетті екені бәріне белгілі. Лексиканы кірме сөздермен, терминдермен, тіпті есімдермен өзара молайту заңды құбылысқа айналды. Біздің планетамызда көптеген халық тұрады. Олар әртүрлі тілде сөйлейді, бірақ бір-бірін түсінуді үйренуге болады. Ағылшын тілі жер бетіндегі ең көп тараған тілдердің бірі болып саналады. Ол тілде Ұлыбританияда, АҚШ-та, Жаңа Зеландияда, Канадада сөйлейді, оны басқа да көптеген елдер де үйренуде. Қазіргі күні лингвистика тарихына орыс-ағылшын тілдік қатынастарына қызығушылықтың арту кезеңі тән, оның өз себептері бар.

Ағылшын тілін «XX ғасырдың латыны» деп атайды. XX ғасырдың аяғында орыс тіліне барлық кірме сөздердің 3/4 ағылшын-американдық сөздерге тиесілі.

Кірме сөздер - тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т. б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кірме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Кірме сөздердің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен кірме сөздің қайсы бірінің түп төркінін айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулерге жүгінуге тура келеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, мен орыс тілінде ағылшын тілінен енген сөздің көптігі, әр адам күнделікті сол сөздің көптігі, әр адам күнделікті сол сөздерді бірнеше айтады деп тұжырым жасауыма болады. Оған көз жеткізу үшін, азық-түлік дүкеніне кірейік. *Bacon* – бекон, *chocolate* – шоколад, *hot dog* – хот – дог, *cheeseburger* – чизбургер, *гамбургер* – *hamburger*, *fishburger* – фишбургер, *barbecue* – барбекю, *понкорн*, *(orange) fresh juice* – фреш джус, *yogurt* – йогурт, *pudding* – пудинг, *fast food* – фаст – фуд, *lunch* – ланч сөздері аударманы талап етпейді.

Ғаламдық дамудың жылдамдығы еселенген сайын жаңалықтардың енуі молаюда. Сол сияқты тілдер де өзгеруде, оның лексикасы барлық сөздік қоры өзгеруде. Дегенмен тарихи өзгерістерде адамзат қашанда бір – бірімен тілдік қатынас жасауда. Көптеген шет ел тілдерінің кірме сөздерінің енуі қоғам мен ғылыми өмірдің де жеделдете дамуын көрсетеді. Ақпараттық дамудың оның ішінде компьютерлендірілу, яғни ғаламтордың дамуы ағылшын тілінен кірме сөздер тасқынын молайтуда. Бұл халықаралық қатынас, нарықтық экономиканың дамуы, ақпараттық технология, олимпиадаға қатысу, халықаралық фестивальдар, сән үлгілерін көрсету мұның барлығы да жаңа сөздердің ену себептеріне жатады.

Мұндай ашықтық білім көкжиегінің, сана-сезімінің дамуына жаңа шет ел тілдерінің сөздерін ұсынуға жетелейді. Қазақстанда іскерлік, сауда, мәдени байланыс, туризм, тіпті бірлескен іскер фирмалар мен шет ел өндіріс орындарымен қатынас жасау жолдарының кеңеюі де әсер етуде.

Кірме сөздерінің енуінің негізгі өзекті себептері деп мынаны айтуға болады:

- Қандай тілдік құбылыс кірме сөздер деп аталады;

- Кірме сөздердің ену себептері ;
- Көшпелі сөздердің түрлері мен жүйелері;
- Кірме сөздердің енген тілде сан қырлы жағынан жақындасуы.

Кірме сөздердің енуінің негізгі өзекті себептері деп мынаны айтуға болады:

4. Фонетикалық, орфографиялық, грамматикалық, семантикалық жағынан бейімделуі;
5. Идеографиялық жағынан талдануы;
6. Тілдік қатынастарды зерттеуі т.б.

Кейбір ғалымдардың түсінігінше, кірме сөздер өзара қарым-қатынас салдарынан бір тілдің екінші тілге өткен сөздері (сөздер, морфема, синтаксистік құрылымдар т.б.). Ал енді бір шығармашылық байланыстар салдарынан енген сөздер боп саналады.

XX ғасырдың басында туған тілдеріне шет ел тілдерінің сөздерінің енуі көптеген лингвистерді қызықтырды. Ол түрлі сипаттарда болды: тілдік, әлеуметтік, психологиялық, эстетикалық, т.б. Барлық ілімдері талдай келе кірме сөздердің ену себептерін анықтады:

- Жалпы интернационалды лексикалық сөздер. Мысалы: ноутбук, органайзер, сканер т.б.;
- Алмастыратын қажетті мағыналы сөздердің болмауынан, 15пайызды іскер тілден енгендер. Мысалы: спонсор, спрей, дайджест, прайс-лист, виртуал;
- Англицизм көмегімен түрлі мағыналарды білдіру, мысалы: термопот, пиллинг– крем, тостер,квиз т.б.
- Шет ел тілдері сөздерінің айтылуының әсемдігіне қарай қолдану. Мысалы прайслист, х, саунд трек, презентация, эксклюзивті т.б.
- Сөз мағыналарын нақтылау. Мысалы: гамбургер, фишбургер, чисбургер т.б.

Тілдердің бір-бірімен экономика, саяси, мәдени қатынастары арқылы көптеген жаңа сөздердің пайда болуына әсер етті. Негізі ағылшын тілі қазақ тіліне XIX ғасырдан бері

енуде, техникалық, спорттық терминдерден басқа тұрмыстық сөздерде кеңінен қолданыла бастады. Мысалы: *leader – лидер, a department – департамент, boycott – бойкот, parliament – парламент, lift – лифт, dock – док, beefsteak – бифштекс, budget – бюджет, square – сквер, cottage – коттедж* т.б.

Неміс ғалымы Э.Хаунгемнің пікірі бойынша, кірме сөздер өз тілдеріндегі сөздер мағынасын шет ел тілдерінен көшіріп пайдалану, -деп айтып кетеді.

Кірме сөздер туралы орыс ғалымы А.И.Смирницкий: «Басқа тілдер жүйесіндегі сөздер келесі тілдер жүйесіне еніп, мағынасы жағынан дәл сол тілдің ережелеріне лайықталып қолданылуда», - деп айтады. Орыс ғалымдары Ю.А.Жлуктенко және Л.И.Ильиннің еңбектерінде «Кірме сөздердің лексикалық қолданылуының шет тілдердегі үлгісін дәл солай қайталануы», - деп көрсетілген.

Басқа тілден енген кірме сөздер кітап сөзінің жанрларында, ғылыми және техникалық сипаттағы мәтіндерде кеңінен қолданылады. Соңғы кездері тілдік материалдың негізгі көзі болып, қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Газет және журналдардың беттерінде күнделікті кездесетін сөздерді үш топқа бөлуге болады:

1.Қазақ тілінде синонимдері бар, бірақ көбіне адамдарға түсініксіз сөздер, мысалы: мониторинг-monitoring- «бақылау» синонимі. Көп жағдайда бұл сөздерді пайдалану қажет емес және мәтінді түсініксіз етеді.

Қазақ тілінде синонимдері жоқ сөздер. Олардың сіңіп кеткеніне көп болған, көп адамдар ол сөздердің ағылшын тілінен енгенін білмеуі де мүмкін, мысалы,спортсмен-sportsman, футбол-football, проблема-problem,сплит система-split system, модельдік бизнес-model business, имидж-image, лифтинг-lifting, пилинг-peeling, пирсинг-piercing,скраб-skrub,стилист-stylist,тоник-toner,кастинг-casting, фэнтези-fantasy, блютуз-bluetooth,PIN-код-PIN-code, реалити-шоу-reality shows, веб-дизайнер-web designer, веб-мастер-webmaster, программист-programmer, хакер-hacker, аккаунт-account, блог-blog, блогсфера-blogsphere, браузер-browser, веб-web, веб сервис-web service, гугл-google, интернет-internet, портал-portal, пост-post, сервер-server, трафик-traffic, файл-file, флеш-flash, чат-chat, интерактивтік-

interactive, тренинг-training, тьютор-tutor, спрей-spray, йогурт-yogurt, барбекю-barbecue, поп-корн-pop-corn, хот-дог-hot dog, чизбургер-cheeseburger, гамбургер-hamburger, сноуборд-snowboarding, боулинг-bowling, тренинг-training, онлайн-брокер-online broker, менеджер-manager, брокер-broker, дилер-dealer, дистрибьютер-distributor, маркетинг-marketing, сканер-scanner, тюнер-tuner, т.б.

3. Газеттерде ағылшын тілінде ағылшын әріптерімен жазылатын сөздер. Бұл сөздерге мүлдем таныс емес, мысалы, поп-stop. Бірқатар газет материалдарына сүйенсек, ағылшын сөздері экономикалық және саяси тақырыбына арналған рубрикаларда, әуен, ғылым мен техника туралы мақалаларда қолданылады екен.

Англицизмдермен (ағылшын сөздерін) қолдану сәнге айналды, ол жастар қоғамындағы жасалған стереотиптермен, идеалдармен түсіндіріледі. Біздің біріміздің осындай стереотипіміз болып өмір сүру деңгейіміз біршама жоғары және техникалық прогресінің жоғары қарқыны бүкіл дүниежүзінде алда келе жатқан идеалдандырылған ағылшын қоғамының образы болып табылады. Өз сөздеріне осы кіріккен ағылшын сөздерін қоса отырып, жастар американдық мәдениетке, өмір стиліне еліктейді, осы стереотипке жақындайды. Бірақ осыған қарамастан күнделікті қолданылатын сөздерде шет тілінен енген сөздер көп емес. Ағылшын терминологиясында, әсіресе жаңа терминологияға деген көзқарастардағы әлеуметтік ерекшеліктері байқалады. Біздің елімізде шетел тілінде сөйлейтін адамдар саны көбейген. Жастар кейбір ағылшын тіліндегі англицизмдерді өз орталарында өз түсініктерімен қолданылады. Кейбір қате сөздер көпшілікке таралып кетеді. Мысалы, әдемі, керемет, тамаша, сөздерінің түбірі ағылшын тілінен шыққан, «clever»-әдемі, керемет, тамаша, «parents»-ата-ана. Сөздер дыбысталуындағы ұқсастыққа байланысты және мағынасының өзгеруіне байланысты пайда болады.

Компьютерлік технологияның дамуына қарай оқушылардың ағылшын тіліндегі сөздік қорын толықтырыла бастады. Кейбір сөздер күнделікті қолдануға ыңғайсыз. Сондықтан оларды қысқартып жатады. Мысалы, «motherboard»-аналық жады – «мамка», «CD Rom Drive» (лазерлік дисктерде жинақтағыш)-жастар оны «сидюшник» деп атап алған. Соңғы жылдары компьютерлік ойындардың көбеюі және оларға жастардың қызығушылығының артуы жаңа сөздердің пайда болуына себеп болды. Жастар арасында таңырқау немесе қуануды білдіретін «wow»-вау! сөзі пайда болды. Ағылшын лексикасының ену процесуінің дамуына әйгілі адамдардың белгілі бағдарламаларындағы сөздерінде қолданылуы түрткі болуы мүмкін. Мысалы, (КВН) 1999 жылы КТК ойынының бірінші маусымында ОРТ каналының басшысы «драйв» сөзін энергетика, залал деген мағынаны білдіреді. Одан кейін бұл термин студенттік ортада кеңінен қолданыла бастады.

Ағылшын сөздері кез-келген жерде кездеседі. Ағылшын тілін біле отырып, басқа елдерден құрал, киім, заттарды олардың жазуларын оңай түсініп, сатып ала аламыз. Мысалы, «Made in China»-Қытайда жасалынған; «100% cotton»-100% мақта; «Wash 30-40» - 30-40 жуу; «Price»-баға; «Size»-өлшем; «No smoking»-темекі шекпеңіз-дер; «Exit»-шығу; «Open»-Ашық; «Push»-өзінен әрі қарай; «Pull»-өзіне қарай.

Журналдардың мұқабалары ағылшын тіліндегі атауларға толы. Мысалы, «Yes», «Cosmopolitan», «Glamour», «Men's health». т.б. Әртүрлі журналдарды зерттей отырып, біз англицизмдер көбіне жастарға арналған журналдарда кездесетіндігі байқалды, ағылшын тілінен енген сөздер олардың тіліне еніп көп қолданатын сөздеріне айналғанын білдіреді деген сөз. Бірақ ерлермен әйелдерге арналған журналдар да жеткілікті.

Елімізде өмір күнде өзгеріп жатыр, жаңа экономикалық қатынастар пайда болуда. Жаңа ұғымдарды сипаттау үшін жаңа сөздер қажет және олардың көбі ағылшын тілінен еніп отыр. Ағылшын сөздерінің енуіне компьютерді кеңінен қолдану ықпалын тигізуде, өйткені ондағы бүкіл терминология ағылшын тілінде.

Жүргізілген зерттеудің маңыздылығы кірме сөздердің теориясы мен практикасымен байланысты мәселені қарастыру, әсіресе қазіргі заманда маңызды, өйткені қазақ тілінің құнсыздануына әкеп соқтыру қаупі бар кірме сөздердің өте көп пайда болуы туралы пікірлер айтылып жүр. Бірақ тіл өздігінен дамитын механизм, ол өзін-өзі қорғай алады, қажет емес

артық дүниелерден арыла алады. Жалпы шет тілінің терминологиясы қазақ тілінде орасан зор қызықты лингвистикалық феноменді білдіреді. Ағылшын-қазақ тілдерінің тілдік қатынасы, әрдайым шет тілінің лексикалық қазақ тіліне енудегі жалпы ағымын зерттеуге бағытталған зерттеушілер назарын аудартады.

Тақырыпқа мәдениеттанушылық тәсілді қолдану бізге басқа мәдениетті танып қана қоймай, сонымен қатар оның ана тілі диалогында жаңа мәдениеттің негізінде рухани жетілуімізге мүмкіндік береді. Зерттелетін тілдің мәдениетімен танысу бұрынғы білімді, ана тілдің сөздік құрамы туралы, ағылшын сөздері арқылы толықтыру және оның қалыптасу көздері туралы жаңадан алынған біліммен салыстыру арқылы жүреді. Әсіресе білімнің қазіргі жағдайын көрсететін терминдердің және меңгерудің әртүрлі кезеңіндегі терминологиялық емес, лексикаға аса назар аударуға болады. Ана тілін басқа тілмен салыстыра отырып, ортақ ерекшеліктер мен айырмашылықтарын табуға болады және ол елдердің достық қарым-қатынасының дамуына ешқандай кедергі жасамайды, керісінше олардың бір-бірімен жақындай түсуіне ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

Қолданылған әдебиет:

1. Тиббенам П. К вопросу о стилистической маркированности англицизмов в современном русском употреблении//Сборник филологического факультета. Красноярск.2011-246с.
2. Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. Астана. 2010-402с.
3. Смирницкий А.И. Морфология английского языка. М., 1959-440с.
4. Жлуктенко Ю.А. Лингвистические аспекты двуязычия. Киев.1997-174с.

ЭТИКЕТНЫЕ ФОРМУЛЫ В АНГЛИЙСКОМ И ТАТАРСКОМ ЯЗЫКОВ.

Кабирова Айгуль Рифатовна

aigulkakabirova@mail.ru

Студентка 3-го курса Казанского (Приволжского) Федерального Университета,
института филологии и межкультурной коммуникации, отделения татарской филологии им.
Г. Тукая, Россия, Казань

Научный руководитель - А. Х. Ашрапова

Один из важнейших качеств воспитанного, культурного человека – хорошие манеры. С раннего детства мы знакомимся с определёнными манерами поведения. Культурный человек должен следовать закреплённым в обществе нормам поведения, то есть соблюдать этикет. Если человек знает и соблюдает нормы этикета, то он чувствует себя уверенно в любой компании и в любом обществе.

А что же означает слово «этикет»? В словаре даётся такое объяснение: «Этикет - совокупность правил поведения, касающихся внешнего проявления отношения к людям (обхождение с окружающими, формулы обращения и приветствий, поведение в общественных местах, манеры, одежда)» [3, с. 403]. Этикет (франц. etiquette) – ряд правил поведения, обхождения, принятых в определённых социальных кругах. Этикет отражает форму поведения, правила учтивости, принятые в данном обществе, которые присущи той или иной традиции. Также этикет может выступать в качестве индикатора ценностей различных исторических эпох. Современный этикет предполагает поведение людей в ежедневном быту, на работе, на учёбе, на улице, в общественных местах, в гостях или дома у себя, на приёмах, и т.д.. Все люди имеют разные ценности и взгляды на жизнь и на людей, и кто-то ставит во главу одно, а кто-то — совершенно иное. Поэтому следует отметить, что этикет — это, прежде всего, то, что в сегодняшнем названии мы можем охарактеризовать как благожелательное отношение к окружающим. Отсюда мы можем привести такую цитату, которая является главным правилом этикета: «Относись к людям так, как бы ты хотел, чтобы